

# Шәңкіш және оның медицинада қолданылуы

Шәңкіш (лат. *Viburnum*) — ұшқаттар тұқымдасына жататын бұта немесе аласа ағаш.

Дүние жүзінде қоңыржай және субтропиктік аймақтарда, негізінен Еу-разия мен Солтүстік Америкада өсетін 200-ге жуық түрі белгілі. Қазақстан-ның барлық аймақтарындағы жалпақ жапырақты және аралас ормандарында, бұлақ, өзен-көл жағалауларда, сай-лы, батпақты жерлер мен тау беткей-лерінде 1 түрі — кәдімгі Шәңкіш кездеседі.





□ Сипаты

- Биіктігі 1,5 — 4 метрге жетеді.
- Сабағының қабығы ақшыл сұр түсті, тілініп кеткен, онда тықыр жас бұтақтары орналасады. Жапырақтары жалпақ, сопақша, кейде дөңгеленіп келген.
- Гүлдері қос жынысты, шет жағындағы гүлдері тұқымсыз болады, шатырша-қалқанша гүлшоғырын құрайды. Аталығының саны — бесеу, жатыны бір ұялы. Тостағанша жапырақшалары 3 не 5 тісті, күлтелері қоңырау тәрізді, ақ немесе қызыл түсті. Жәндіктермен тозаңданады.
- Мамыр — шілде айларында гүлдеп, тамыз — қыркүйекте жеміс салады.
- Жемісі — қызыл түсті сүйекше.

□ Емдік қасиеті

□ Дәрілік мақсатқа өсімдіктің қабығын, жемісін, гүлін жинайды. Құрамында - вибурнин глюкозиді, валериан, илік заттар, шайыр және органикалық қышқылдар, ал жемісінде қант, илік заттар бар. Олар халық медицинасында кеңінен қолданылады:

- Қабығынан алынған тұнба қан тоқтады, қан тамырларын тарылтады, жүйке-ні тыныштандырады. Жемісі жүрекке әсер етеді, несеп айдайды, өт жүргізеді, қабынудан қорғайды және жараларды жазады.
- Қысқы қатты аязда түсіп қалған жемісі жеуге жарамды болады. Сонымен қатар тер шығаратын, құстыратын, іш жүргізетін дәрі есебінде және асқазан қышқылы кемігенде емдеуге болады. Жемістерін балмен қосып қайнатып, жоғары тыныс жолдары мен өкпе қабынғанда, деміккенде, іш өткенде, бауыр ауырғанда, дене сарғайғанда, дауыс қарлыққанда пайдаланады.
- Гүлдеп тұрған бұтақтарының қайнатындысын қақырық түсіру үшін қолданады.

